

- Жаратылыстану-математика циклиндеті пәндер бойынша орта мектептері оқушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар мен міндетті минимумның мазмұнын жүзеге асыру, оқушыларды олимпиадаларға, ғылыми жоба жарыстарына, конкурстарға, байқауларға, интеллектуалдық марафондарға кенінен тарту;
- Оқушыларды оқулықтармен дер кезінде толық қамтамасыз ету, кітапхана қорын толықтыру, мектеп медиатекасын ашу, тасымалдауға қолда бар мүмкіндіктерді пайдалана отырып, оған бөлінген қаржыны үнемдеу арқылы қосымша оқулықтар, әдебиеттер алу шараларын жүргізу;
- Жалпы білім беретін пәндерді оқытуда және оқушылардың білім сапасын бақылауда мультимедиялық-лингвистикалық құралдар мен компьютерлік бағдарламаларды, интернетті оқушылар арасында сауатты қолдану. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалану саласы бойынша мұғалімдердің кәсіби шеберлігін қалыптастыру;
- Оқушылардың оқу процесі кезінде ауыл шаруашылық жұмысына тартуға, “Білім туралы” Заң талаптарының орындалуына, оқушы еңбегін пайдалануға жол бермеу;
- Оқушыларды сабаққа жүйелі қатыстыру, олардың ұзақ мерзім мектепке келмеу, оқуға тартылмай қалу фактілерін болдырмау;